

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

06.03.2021 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№8

город Алматы

Алматы қаласында
коронавирустық инфекциямен
аурулардың алдын алу
бойынша одан әрі шаралар туралы

Алматы қаласының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-293/2020 бұйрығына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық

дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 және 68, 2021 жылғы 26 ақпандағы №7, 27 ақпандағы № 9 қаулыларына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар қамтамасыз етсін:

1) ойын-сауық, бұқаралық іс-шараларды, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;

2) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасының сары аймағы өлшемшарттары негізінде Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық объектілеріне шектеулер мен рұқсаттарды іске асыруды;

3) қызметі қайта басталмаған объектілерге: боулинг-орталықтарға, компьютерлік клубтарға «Ashyq» пилоттық жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда), бильярд, караоке, батуттар, түнгі клубтар, лото және ойын клубтарының, букмекерлік кеңселерінің, жабық үй-жайлардағы ойын алаңдары мен аттракциондарының, оның ішінде спорт объектілерінде орналасқандарды қоспағанда, мұз және роликті мұз айдындарына баруға тыйым салуды;

4) «Ashyq» пилоттық жобасына қатысатын кәсіпкерлік объектілеріне кіру үшін App Store және Play Market – тен жүктеуге қолжетімді «Ashyq» мобильді қосымшасын пайдалану қажет; келушіде смартфон болмаған немесе осы мобильді қосымшаны жүктеу кезінде қиындықтар туындаған жағдайда жауапты тұлға-мекеме қызметкері қосымшада ЖСН енгізу арқылы келушінің кіруін тіркеуге құқылы;

5) қоғамдық орындарға, оның ішінде қалалық қоғамдық көліктерге және қызметіне рұқсат етілген объектілерге барған кезде, сондай-ақ қоғамдық орындарда ашық ауада болған кезде (5 жасқа дейінгі балаларды және ашық ауада спортпен шұғылдануды қоспағанда) маска тағу, қашықтықты сақтау және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң сақтауға міндетті;

6) мерекелік корпоративтерді ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салуды;

7) балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне тыйым салуды;

8) Ұлттық құрама, клубтық командалары үшін спорттық жаттығуларға рұқсат беру (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорттық базаларда тұру);

9) қоғамдық көлікке, таксиге, метроға, әуежайларға, т/ж және авто - вокзалдарға, аула балалар алаңдарына, азық - түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізу;

10) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты мен саны бойынша шектеумен қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беру;

11) маскалық режимді және кемінде 1,5 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парктарға, қорықтарға, резерваттарға және басқаларға) баруға рұқсат беру;

12) ҚР БМСД-нің 27.02.2021 жылғы №9 қаулысының 3-қосымшасына сәйкес алгоритмді сақтай отырып, күндізгі режимде кеңестер (отырыстар) өткізуге рұқсат беру (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда);

13) эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы» және «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы РМҚК қызметіне рұқсат беру;

14) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беру;

15) бір мезгілде 30 адамнан артық жиналмай санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, облыстық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын қайта бастауға рұқсат беру;

16) коронавирустық инфекцияның жеңіл және орташа нысандарымен ауыратын науқастарды міндетті түрде емдеуге жатқызу, үй карантинін сақтауға жағдайлары болмаған кезде симптомсыз нысандарды емдеуге жатқызу;

17) ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, аттракциондардың ашық ауада жұмыс істеуіне рұқсат беру;

18) ашық ауада жеке және топтық жаттығуларға рұқсат беру (топта 5 адамнан артық емес);

19) Тұрғын үй саясаты басқармасы коронавирустық инфекцияның белсенді ошақтары бар үйлердегі кіреберістер мен лифтілерді аптасына 3 рет, дезинфекциялау орталығын қорытынды дезинфекциялау кезінде 1 реттік дезинфекциялауды қамтамасыз етсін;

20) сауда кәсіпорындары қауымдастығының ұсынысына сәйкес ауданы 1000 ш. м. астам сауда объектілеріне (СОСО, СҮ, базарлар), қоғамдық тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға (автобус, троллейбус, метро) келушілердің өз объектілерінде әлеуметтік қашықтықты және бетперде

режимін сақтауын тұрақты бақылау үшін санитариялық патрульдерді қалыптастыру ұсынылсын;

21) профилактикалық мақсатта мемлекеттік органдардың қызметкерлерін *(әкімдіктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің, прокуратураның, полицияның, Алматы қаласы ТЖД аудандық бөлімшелерімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, соттардың, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, әлеуметтік қорғаудың)*, сондай-ақ волонтерлерді *(әкімдіктердің ұсынған тізімдеріне сәйкес)*, мәйітхана және сот-медициналық сараптама қызметкерлерін ай сайын 1 реттік зертханалық тексеруді қамтамасыз ету»;

2. Алматы қаласының әкімдігі, Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасы (келісім бойынша), Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармаларының басшылары қамтамасыз етсін:

1) InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық форматта берілетін санитариялық нормаларға сәйкестік актісі негізінде объектілердің қызметін қайта бастау;

2) қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін санитариялық нормаларға сәйкестік актісін объектіге кіре берісте көрінетін жерге орналастыру;

3) шектеу шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен таныстыру үшін InfoKazakhstan.kz сайтының жұмысы туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды ақпараттандыру;

4) кәсіпкерлердің және шаруашылық жүргізуші субъектілердің бұзушылықтарды жою үшін уақытылы шаралар қабылдауы мақсатында карантин режимін бұзу фактілері мен шағымдарын орналастыру үшін InfoKazakhstan.kz.сайтын пайдалану;

5) InfoKazakhstan.kz сайтына шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін орналастыру;

6) InfoKazakhstan.kz. сайтына кәсіпкерлік субъектісімен объектінің паспортына келушілердің ғимараттарды жоспарлы толтыруы туралы мәліметтерді енгізу (осы қаулыда және № 67 ҚР БМСДҚ және №9 БМСДҚ қосымшаларында айқындалған шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес 1 адамға белгіленген аумақты ескере отырып анықталады және енгізіледі).

3. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 31 қаңтардағы № 3 және 2021 жылғы 14 ақпандағы № 4 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы ағымдағы жылғы 9 наурыздан бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин

Алматы қаласының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
___ наурыздағы № 8 қаулысына
1-қосымша

**Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу
өлшемшарттары**

№	Объектілер/салалар	Сары аймақ
1.	Өнеркәсіп, көлік және құрылыс объектілері (қызметкерлерді жұмысқа жеткізу және тасымалдау үшін қызметтік көлікті ұйымдастыру ұсынылады)	+ тұрмыстық үй-жайларда байланыстарды болдырмау шартымен
2.	Әуе қатынасы	+
3.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер және т. б.).	+
4.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	+
5.	Гүл дүкендері, фотосалондар	+
6.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	+
7.	Музейлер, кітапханалар, көрмелер	+
8.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер	+
9.	Азық түлік емес дүкендер (жеке тұрған)	+
10.	Балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары	✓ топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын ала жазылу бойынша

11.	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, барбер-шоп, маникюр мен педикюр қызметтері, косметологиялық қызмет көрсететін орындар (жазылу бойынша)	+
12.	Супермаркеттер, гипермаркеттер	+
13.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	+
14.	Ашық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	+
15.	Жабық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	+
16.	Қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорт (СОО және СҮ аумағынан тыс тек жеткізуге және әкетуге)	+
17.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология (жазылу бойынша)	✓ алдын ала жазылу бойынша
18.	Қоғамдық көлік	✓ (қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толымдылық)
19.	Банктер, ХҚКО, «Қазпошта» АҚ бөлімшелері	✓ уақыт бойынша шектеумен 9.00-ден 18.00-ге дейін
20.	Мектепке дейінгі мекемелер	кезекші топтар 25 адамнан аспайтын топтарды жинақтауды сақтаған кезде
21.	Технологиялық процесі жұмыскерлердің жұмыс орнында және қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен объектілердің болуын қажет ететін өнеркәсіптік, құрылыс және өзге де ұйымдарды қоспағанда, ұйымдар, офистер	50 %- қашықтықтан, 50 %- күндізгі режим
22.	Діни объектілер	✓ ұжымдық іс-шараларды өткізбей
23.	Қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7-ден 24-ке дейін жұмыс істеуге рұқсат
24.	Моншалар	+
25.	Сауналар, СПА-орталықтар, бассейндер	✓ (жексенбіден басқа)
26.	Жабық базарлар (азық-түлік және азық-түлік емес)	+
27.	Қала маңындағы жолаушылар поездарының (электричкалардың) қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
28.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
29.	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	+
30.	Спорт кешендері, спорттық сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар	+
31.	СОО, сауда үйлері, сауда желілері	+

32.	Мәдениет объектілері (дайындық)	✓ 30 адамға дейін
33.	Театрлар, кинотеатрлар, концерттік залдар	✓ толтырылуы 20%-дан артық емес
34.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
35.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
36.	«Ashyq» пилоттық жобасын жүзеге асыруға қатысатын объектілерден басқа бильярдтер	–
37.	«Ashyq» пилоттық жобасын жүзеге асыруға қатысатын объектілерден басқа компьютерлік клубтар, боулинг	–
38.	Цирктер	–
39.	Балалардың ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар), оның ішінде СОО, СҮ орналасқандар	–
40.	Көкрермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	–
41.	Көкрермендерсіз спорттық іс-шараларды өткізу	Қатысушыларды COVID-19-ға міндетті ПТР-зерттеу
42.	Ас беру	–
43.	Банкет залдары, түнгі және ойын клубтары, караоке	–
44.	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар	–

«+» - қызметіне рұқсат етілген;

«✓» - қызметіне ішінара (шектеулермен) рұқсат етілген;

«-» - қызметіне тыйым салынған»;